

“Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп” КММ

Бұйрық № 99

Ыбырай ауылы.

09.10.2023 жыл.

“Ата -аналарды педагогикалық қолдау орталығы” жұмысшы ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылдағы 4 қыркүйектегі № 28 хаттамасының 2,4-тармағын “2023-2024 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы” Созақ аудандық білім бөлімінің 09.10.2023 жылдың №1381 бұйрығына сәйкес бұйырамын:

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
 - 1) Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау өзіме жүктелсін;
 - 2) Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Медетоваға жүктелсін.
 - ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;
 - Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.
 - Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.
- 2.2 Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Ә. Нұржанбаевқа жүктелсін.
 - Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;
- 2.3 Мектеп кітапханашысы Ж. Айтбаеваға және сынып жетекшілерге педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
- 3 2023-2024 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
- 4 Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.
- 5 Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары К. Жұбандықова жүктелсін.
- 6 Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К. Жұбандықоваға жүктелсін.
- 7 Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.
- 8 Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
- 9 Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.
- 10 Осы бұйрықтың орындалуына бақылау, басшылық жасау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры:



А. Маханов

“Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп” КММ

Бұйрық №100

Ыбырай ауылы.

09.10.2023 жыл

“Ата -аналарды педагогикалық қолдау орталық қызметінің жұмыс тобын құру туралы”.

1. Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобының құрамы төмендегі мұғалімдерден құрылсын.

- 1) Ж. Медетова-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрайымы
- 2) К. Жұбандықова-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі
- 3) К. Абдраманова-педагог-психолог, мүшесі
- 4) А. Бакбердиева-әлеуметтік-педагог, мүшесі
- 5) Б. Шерімова-мұғалім, мүшесі
- 6) Г. Абу-мұғалім, жетекшісі, мүшесі
- 7) Ғ. Әбдіраманова- мұғалім, мүшесі

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау, басшылық жасауды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Медетоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



А. Маханов